

"Биоотын өндірушілердің биоотын өндірісінің мониторингін жүзеге асыру үшін қажетті есептер ұсыну нысандары мен оларды биоотын өндірісі саласындағы уәкілетті органға ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 9 шілдедегі № 4-4/631 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2019 жылғы 6 желтоқсандағы № 426 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 10 желтоқсанда № 19716 болып тіркелді.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Биоотын өндірушілердің биоотын өндірісінің мониторингін жүзеге асыру үшін қажетті есептер ұсыну нысандары мен оларды биоотын өндірісі саласындағы уәкілетті органға ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 9 шілдедегі № 4-4/631 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12107 болып тіркелген, 2015 жылғы 15 қарашада "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Биоотын өндірушілердің биоотын өндірісінің мониторингін жүзеге асыру үшін қажетті есептер ұсыну нысандары мен оларды облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органына ұсыну қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес биоотын өндірушілердің облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органына биоотын өндірісінің мониторингін жүзеге асыру үшін қажетті есептер ұсыну нысандары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Биоотын өндірушілердің биоотын өндірісінің мониторингін жүзеге асыру үшін қажетті есептерді облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органына ұсыну қағидалары бекітілсін.";

жоғарыда көрсетілген бұйрықпен бекітілген Биоотын өндірушілердің биоотын өндірісі саласындағы уәкілетті органға биоотын өндірісінің мониторингін жүзеге асыру үшін қажетті есептер ұсыну нысандарында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Биотын өндірушілердің облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органына биотын өндірісінің мониторингін жүзеге асыру үшін қажетті есептер ұсыну нысандары";

жоғарыда көрсетілген бұйрықпен бекітілген Биотын өндірушілердің биотын өндірісінің мониторингін жүзеге асыру үшін қажетті есептерді биотын өндірісі саласындағы уәкілетті органға ұсыну қағидаларында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Биотын өндірушілердің биотын өндірісінің мониторингін жүзеге асыру үшін қажетті есептерді облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органына ұсыну қағидалары";

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Биотын өндірушілердің биотын өндірісінің мониторингін жүзеге асыру үшін қажетті есептерді облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органына ұсыну қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Биотын өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" 2010 жылғы 15 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген және биотын өндірушілердің биотын өндірісінің мониторингін жүзеге асыру үшін қажетті есептерді (бұдан әрі - биотын өндірісі бойынша есептер) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына ұсыну тәртібін айқындайды.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Ұсынылған есептердің мониторингі нәтижесі бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы биотын өндірісі саласындағы уәкілетті органға жыл қорытындысы бойынша талдамалық ақпарат ұсынады.";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Биотын өндірісі бойынша есептерді ұсыну қағидалары";

6- және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Құжаттар почта арқылы не облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органының құжаттамалық қамтамасыз ету қызметіне қолма-қол енгізіледі.

7. Биотын өндірісі бойынша есептер облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органына ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 20-на дейін ұсынылады.".

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің м.а.*

А. Сапаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі